

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

**ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МАТЕМАТИКАДА
ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Екпін Мунира
munira.ekpin@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің магистранты,
Астана, Қазақстан. Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д, профессор Нурбеков Б.Ж.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: «Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру керек»- деген еді.

Қоғамның жоғары деңгейдегі мамандарды қажетсінуі, кәсіби білім алып жатқан жеке тұлғаның қызығушылығын, Қазақстанның бүкіл ғаламдағы бағытын, білім беру процесінің әртүрлі басқа да жақтарының өзгеруіне әкелді.

Оқытушының әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі заман талабына сәйкес оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Демек, жастарды еңбектің қай саласында да , білім алуға да тек мәлімет жиынтығын меңгеруімен шектелмей, студенттердің өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын студент етіп даярлау қажет болып отыр.

Қазіргі таңда сай өзіндік іс-әрекетін жаңа жағдайға байланысты оңтайлы ұйымдастыра білуі тиіс.


Жалпы студенттің өзіндік жұмысы – студент білімінің тереңдігі, дағдылары мен біліктілігіне, білім меңгеруіне ықпал ететін оқу процесінің ең негізгі элементтерінің бірі. Студент өзіндік жұмысты орындау арқылы студент оқу процесінің белсенді мүшесі бола отырып, өз ойын еркін, сондай-ақ, нақты дәлелдермен жеткізе алатын дағдыларды үйренеді және меңгереді. Сондықтан студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру қазіргі білім саласында маңызды мәселелердің бірі екенін тағы бір рет айту артық емес. Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың әдістері әртүрлі, мысалы: жаттығу, кітаппен жұмыс жасау, электрондық кітаппен жұмыс істеу, реферат, эссе, коллоквиум, бақылау, есеп шығару, эксперимент жүргізу т.б. Бірақ бұл әдістерге қарағанда интернет арқылы студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, студенттердің өзіндік жұмысын орындауға қызығушылықтарын арттырады еді және білім сапасының жоғарылауына өз септігін тигізеді анық.

Интернет арқылы артықшылықтары төмендегідей болып табылады:

- кез келген жерде, кез келген мерзімде оқуға мүмкіндігі бар;
 - кәсіби қызметпен қатар білім алуға болады;
 - оқу үрдісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып, студенттер мен оқытушылар арасындағы белсенді диалог құруға;
 - оқу ақпаратына мүмкіндік беру;
 - білім алушының мекен жайына, денсаулық жағдайына, элитарлық және материалдық жағдайына қарамастан тепе-тең дәрежеде білім алуға мүмкіндігі бар.
- Интернет арқылы мәтінді, хабарламаны, құжаттарды, фото, аудио, видео материалдарды қабылдап алуға не керісінше жіберуге болады;
- Күн сайын емес, сағат сайын, сәт сайын бүкіл әлем жаңалықтарымен танысып отыруға;
 - Кез келген тақырыпқа қатысты материалдар, анықтамалар алуға;
 - Қашықтықтан оқуға, яғни үйде отырып білім алуға;

- «Mail.Ru Агент», «Facebook», «Skype» т.б. арқылы реалды уақытта тіл қатысуға да, бейнебайланыс орнатуға да болады. Бұдан өзге біз біліп-біле бермейтін жаңа көкжиектерін айтып тауысу мүмкін.

Интернет арқылы басқарып отыру мүмкіншіліктері (Сурет-1).



Сурет -1. Алгоритм схемасында администратор, оқытушы мен студент арасындағы мәліметті жіберу кезіндегі әрекеттер диаграммасы.

Интернет ресурстары арқылы тапсырма жасамас бұрын, сіз өз мақсаттарыңызды негіздеп алуыңыз керек. Келесі сұрақтарды қойыңыз:

1. Тапсырмаларды орындау барысында студенттеріңіз нені пайда қылады?
2. Неліктен сіз құралдар емес интернетті қолданғыңыз келеді? Сіз осындай нәтижеге қарандаш пен қағазды қолданып жете аласызба?
3. Бұл шаруаға қанша уақытыңызды жұмсайсыз? Бірнеше сағат немесе күнбе?

Ендігі кезекте сәйкесінше «Интернет арқылы студенттің өзіндік жұмысын қалай ұйымдастырамыз?» деген сұрақ туындайды. Ол үшін, қазіргі уақытта барлық жоғары оқу орындарының жеке сайттары бар. Сол себепті, университет сайтына кірістіре отырып, тағы қосымша студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға арналған сайт бөлімшесін қосуға болады. Ол үшін университет сайтына кіріп, оның ішінде факультет бөлімшесі, содан соң кафедра және студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға арналған сайт бөлімшесін құрастыру қажет (Сурет-2). Бұл сайт бөлімшесі математика пәніне арналған.



Сурет-2. Студенттің өзіндік жұмысына арналған сайт бөлімшесі. Сайт бөлімшесінің терезе мәзірлері:

Бастапқы бет – сайттың ең бірінші айнасы. Бастапқы бетте жалпы сайттың функция мәзірлері, математика пәні бойынша жаңалықтар, хабарландырулар, қызмет көрсету бойынша байланыс телефондары көрсетілген.

Негізгі бөлім - математика пәні бойынша жалпы ақпараттар берілген. Математика пәнінің мақсаты, мазмұны, оқу ұзақтылығы және т.б.

Силлабус – мәзірде математика пәні бойынша силлабус енгізілген және пән бойынша оқу әдістемелік кешені, глосарий кіріктірілген.

Дәріс- математика пәні бойынша барлық дәрістер жинағы және видеосабактар енгізілген. Бұл дегеніміз студент белгілі бір себептермен сабаққа қатыса алмай, өтілген тақырыпты меңгере алмаған жағдайда видео сабақты қосып оқытушы дәрісін тыңдауға мүмкіндік береді.

Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) – бұл мәзірде студенттің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар, есептер, коллоквиум сұрақтары және т.б. кіріктірілген. Сонымен қоса, бұл мәзірде арнайы «Онлайн-конференция» функциясы бар. «Онлайн-конференция» функциясының орналастырудағы мақсат студенттердің теориялық білімдерін дамыту, жоғарылату, ауызша жауап беруге және пәннің негізгі ұғымдарын терең түсінуге дағдыландыратын сабақтар немесе сұрақ-жауаптар жүргізіледі. Бұл қазіргі кезде көптеген жоғары оқу орындарындағы мәселелердің бірі оқытушының сабақтан тыс коллоквиум алуына аудитория іздеу мәселесінің шешімі болар еді. «Онлайн-конференция» оқытушының да және студенттің де уақытын үнемдеуге мол мүмкіндік береді, яғни белгілі бір себептермен университетке келе алмаған студенттің семестр бойы жинаған бағасына қосымша ретінде онлайн сұрақ- жауап алып, оқытушының студентті бағалауы оңайға түсер еді (3-«Онлайн-Конференция» мәзірі).



Сурет-3. «Онлайн-Конференция» мәзірі.

Электрондық оқулықтар- аты аталып тұрғандай бұл мәзірде студенттерге өздігінен оқуға арналған электронды оқулықтар енгізілген. Пәннің мазмұнын толық ашуға арналған шетелдік, отандық ғалымдардың электрондық оқулықтары және сканерленген оқулықтары бар

Әдебиеттер – бұл мәзірде пәнді оқыту барысында қолданылатын кітапханадағы кітаптар тізімі көрсетілген.

Почта – бұл мәзірді құрастырудағы мақсат оқытушы мен студент арасындағы байланысты жоғары деңгейде ұйымдастыру. Студент почта мәзірі арқылы өзіндік жұмысын фото, жазба, видео форматында оқытушыға жібере алады және оқытушы оны тексеріп сәйкесінше жауап қайтара алады. Почта мәзірі екі бөлімшеден тұрады. Келген хаттар мен жіберілген хаттар бөлімшесінен және почта мәзірінде оқытушыға орындаған өзіндік жұмысты жіберуге арналған мәзірден тұрады. Онда студент аты-жөнін, электрондық почта атауын, телефон нөмерін және хат жазуына немесе шығарылған есептің мазмұнын фотоға түсіріп жіберуіне болады

Студенттер чаттар, видеоконференциялар, форумдармен электронды пошта арқылы тілдесе алады.

Бақылау сұрақтары – бұл мәзірде студентті бағалауға арналған сұрақтармен емтихан сұрақтары енгізілген.

Тест тапсырмалары- студенттердің өзіндік жұмысына арналған тест тапсырмалары және емтиханға дайындалуға арналған тест есептері берілген.

Демек, студент пен оқытушының ғылыми-зерттеу, ізденушілік, оқу-әдістемелік, шығармашылық жұмыстарын жетілдірудің құралы ретінде Интернет жүйесін пайдаланудың маңызы өте зор. Себебі, қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу – ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемде қолдануды қажет етуде.

Ақпараттық технологияның оқушыларға берер мүмкіндігі :

- түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан-жақты жетілдіреді, дамытады;
- өз бетінше онлайн тест тапсырмаларын орындайды;
- тақырыптан қалып кеткен немесе дұрыс түсінбеген тақырыптарды қосымша қайталап алуға мүмкіндік береді;
- пәнге қызығушылығы, үздіксіз ізденісі артады;
- ойлау, есте сақтау, пікір сайыстық қабілетті дамиды;
- өз ойын сызба, сурет, кескіндеме, кесте, графиктік моделдер түрінде жеткізеді;
- түрлі бейнелік, сілтемелік, нұсқаулық тапсырмаларды орындайды;
- түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындап өзінің алған білімін тексереді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2010.
2. Интернет желісінің құрылымы. Дидар. 2000 №2 б 6
3. Ковалевский И. Организация самостоятельной работы студента // Высшее образование в России №1, 2000, с.114-115.
4. Р.Б.Исмаилова Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері. Алматы №5, 6 – 2012 , Б.36-37.
5. Абдукаримова У. Самостоятельная работа студентов. Алматы, 1999 ж. 85 б.

УДК 372.475(07)

ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТЬ В ТЕОРИИ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКЕ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

Елшибаева Жаңыл Нурбековна

elshibaevajanil@gmail.com

студентка 4-го курса мехмата ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А. Папышев

Действительность (произведено от слова “действие”) – осуществленная реальность во всей своей совокупности – реальность не только вещей, но и осуществлённых идей, целей, идеалов, общественных институтов, общепринятого знания [1]. В современной философской трактовке это понятие имеет два смысловых значения:

1. Объективная действительность – материя в совокупности всех ее видов, субъективная действительность – явления сознания.
2. Как все существующее – весь материальный мир и все его идеальные продукты.